

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген іс-шаралар есебі.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде оқытушылар мен білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын басшылыққа ала отырып жүзеге асырылуда.

Осы стратегиялық жоспар аясында 2018 жылы қараша айында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы «ANTICORRUP ASU 2018-2020» бағдарламасы енгізілді.

Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының ***Қоғамдық бақылау институтын енгізу туралы бөлімінің 21 бабын орындау мақсатында университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия жұмысының ашықтығын, толықтығын және өзектілігін қамтамасыз ету үшін құрамына студенттік өкілдер енгізілген (Арыстан Мерей).***

Аталған жоспардың ***Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру*** бөлімінің:

- 45 бабын орындау мақсатында «Білім алушының этикалық кодексі» және «Оқытушылар мен қызметкерлердің мәдени корпоративтік кодексі» атты құжаттар әзірленді және қолданысқа енгізілді;

- 46 бабын орындау мақсатында 2017-2018 оқу жылынан бастап бакалавриат деңгейінің барлық білім бағдарламаларына "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері" атты пәні енгізіліп, оқытылуда;

- 55 бабын орындау мақсатында университетімізде әр оқу жылында қысқы және жазғы емтихан сессиялары кезінде «Таза сессия» атты акциялар жүйелі түрде ұйымдастырылып тұрады. Парақорлық, бопсалаушылық және басқа да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қылмыстарына қатысты фактілерді анықтау мақсатында сенім телефондары, профессор-оқытушылық құрамы, қызметкерлер және білім алушылардың жүгінуі үшін университетте жасырын жәшіктер қойылған.

Университет ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментімен бірлесе отырып көптеген жұмыстарды атқаруда.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департамент өкілдерімен студенттер мен оқытушыларының кездесуі де жиі өткізіліп келеді.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша 2016 жылдың қараша айында ынтымақтастық туралы «Ашық келісімге» университеттің қызметкерлері мен студенттері www.adaldyk.kz ресми сайтына тіркелді.

Оқу үрдісінің жұмысын жетілдіру және студенттердің сұрауларына дер кезінде жауап беру үшін, телеграмма қосымшаларында сұхбат арнасы құрылды. Мұнда студенттер сұрақтарға жауап алады. Чат арнасында ректор, проректорлар, факультет декандары және бөлімшелердің жетекшілері бар. Telegram қосымшалар браузерінің жолында «atyrau_university» сөзін енгізу арқылы арнаға қосылады. Және де ректордың вертуалдық қабылдауы ашылып, жүйелі түрде жұмыс жасалуда.

Университетте атқарылған жұмыстардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында университет басшылығы студенттердің қатысуымен өзекті мәселелер бойынша айына бірнеше рет кездесулер ұйымдастыру дәстүрге айналды. Бұдан бөлек университет сайтында www.asu.edu.kz ректордың жеке блогы бар, онда студенттер қызығушылық тудыратын сұрақтар қоюы мүмкін, сондай-ақ өздерінің сұрақтарына уақытылы жауап алады.

Университет басшылығы тарапынан жыл сайын университет қызметіне талдау жасалынып, тәуекелдер анықталады. Анықталған тәуекелдерді басқару мақсатында «Тәуекелді басқару» құжаты дайындалды. Осы құжат негізінде университетішілік жемқорлық тәуекелдерін алдын алу аудиті ұйымдастырылды. Аудит қорытындысы бойынша 2018-2019 оқу жылында оқу үдерісіне немқұрайлы қарағаны үшін, жоғары оқу орнының құрылымдық бөлімшесінің басшысы лауазымына лайық емес тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, өз қызметтеріне жауапкершілікпен қарамай салғырттық танытқандары үшін 15 оқытушылар мен қызметкерлерге ескерту мен сөгістер берілген болса, біліктілік талабы сәйкес келмегені үшін Персоналды басқару бөлімінің басшысы қызметінен босатылды.

Сонымен қатар, 2018-2019 оқу жылының жазғы емтихан сессиясы барысында ішкі аудит қорытындысы бойынша жемқорлық тәуекелдері жоғары 12 (2,6%) оқытушы емтихан қабылдаудан шеттетілді.

Аталған кемшіліктерді болдыртпау мақсатында 2018-2019 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының алдында барлық оқытушылардан жазбаша түрде академиялық адалдық кодексін орындау туралы міндеттеме алынды.

Мемлекеттік қызметтер реестріне сәйкес университет мемлекеттік қызметтің 12 түрі бойынша қызмет көрсетеді. 2018-2019 оқу жылында 1389 мемлекеттік қызмет көрсетіліп, 1 қызмет стандарт талабында көрсетілген мерзімнен кеш орындалды. Аталған заң бұзушылығы үшін білім алушыларға

қызмет көрсету орталығының әдіскеріне өз жұмысына салғырт қарағаны үшін ескерту берілді.

Мемлекеттік қызметтің бір түрі білім алушылардың жатақханаға орналасу туралы өтініштерін қарастыру болып табылады. Жатақханадан орын қажет білім алушылардың сұранысын толықтай қанағаттандырылады. Жатақханаға орналастыру барысында жемқорлық тәуекелдерін болдыртпау үшін жатақханаға орналастыру процедурасы студенттік кеңестің құзыреттілігіне берілді.

Жалпы университет білім алушылар мен оқытушы-қызметкерлердің жемқорлыққа қарсы имунитетін қалыптастыру мақсатында көптеген шаралар ұйымдастыруда.

2018 жылдың 12 желтоқсан күні университетте ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің қолдауымен «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» жемқорлыққа қарсы технологиялар зертханасы ашылған болатын.

(Мақсаты – студенттерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге дағдыландыру. Осы жоба аясында «Адал ұрпақ» студенттік клубы құрылды. «Адал ұрпақ» клубы студенттерге адалдық ұғымын насихаттап, әділдік тура жолмен жүруге шақырады.)

2019 жылдың 1 наурыз күні Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеттерінің ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүгінгі күннің талабы» атты республикалық онлайн дөңгелек үстел өткізілді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жұртшылықпен байланыс жөніндегі департамент директоры Арман Бердалин республикалық мониторингтік топпен университет студенттерімен білім саласындағы сыбайлас жемқорлық туралы сұрағы бойынша еркін пікірталас өткізді.

2018 жылдың 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің қолдауымен Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай бірқатар бірыңғай сағат өткізілді.

Университет ISO 37001 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру менеджмент жүйесі» сертификациясынан өтуді жоспарланған. Осы негізде 2018 жылдың 17 қараша күні «ISO 37001:2016 Жемқорлыққа қарсы мәдениет жүйесі» халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес мамандарды дайындау тақырыбындағы семинар өткізіліп, университеттің 600 оқытушылары мен қызметкерлері қатысып сертификаттар алды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуы

2018 жылдың 7 – ші қарашасы күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің акт залында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департамент басшысы – әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Тоқтамыс Жұмағұловтың төрағалық етуімен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы жастар және жастар ұйымдарының, ғылыми және педагогикалық қызметкерлердің рөлі» тақырыбындағы ашық диалогтық алаңы болып өтті. Ашық диалог жұмысына облысымыздағы орта мектеп директорлары, арнайы орта және білім беретін оқу орындарының басшылары, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры және профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатынасты. Шараның басты мақсаты – жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуын және сыбайлас жемқорлықтың көрністеріне шыдамау ахуалын қалыптастыру. Білім беру мекемелерінде, сонымен қатар ғылыми зерттеу ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту және тәрбиелеу бойынша қызметті жандандыру болды.

«Парасыз сынақ кітапшасы» атты акциясы өткізілді

Атырау облысы жастар саясаты мәселелері басқармасы «Төртінші билік» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік университетінде «Парасыз сынақ кітапшасы» атты акциясы болып өтті.

Мақсаты-студенттер арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті насихаттай отырып, студенттерді сессия алдында жігерлендіріп, оларды адал білім алуға шақыру.

Шара барысында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры Г.С.Жарасова сөз алып, мұндай шараның жастар үшін жиі ұйымдастырылып тұру керектігіне тоқталып, жастардың басбұзарлықтан алыстауына таптырмайтын жол екендігін қаперге берді. Айта кету керек, акция ашық деп жарияланған соң парасыз сессияны қолдаған әр студент өз сынақ кітапшасына ұйымдастырушылар дайындаған «ПАРАСЫЗ СЫНАҚ КІТАПШАСЫ» деп жазылған жабыстырманы жабыстырып, «парақорлықты түбегейлі жою мақсатында қандай жұмыстар жүргізілу қажет?» деген сұраққа қысқаша жауап жазып, өз ойларын ортаға салды.

- Бұл шара елімізді жайлаған қылмыстың басты мәселелері және қылмысқа қарсы заңнамаларын терең түсіндіру мақсатында сонымен қатар, жастардың бас бұзушылықтан аулақ болулары үшін ұйымдастырылып отыр. Мұнда жастарымыздың жемқорлыққа жол бермеуі көзделді, - деді «Төртінші билік» қоғамдық бірлестігінің төрайымы А.Адиева.

Аталмыш акцияға оқу орнының студенттері белсене қатысып, жалпы қылмыс жайлы ақпарат берілді. Акция барысында студенттер тарапынан жемқорлықпен күрес бірдің емес, көптің белсене атсалысатын ісі екендігі айтылды, сондықтан «көп қорқытады, терең батырады» дегендей, көп қолға алса, жемқорлыққа мықты тосқауыл қойылатыны және жемқорлықпен келіскісі келмейтін студенттердің белсенді іс-әрекеттері сөзсіз өз өз нәтижелерін беретіндігі айтылды.

«Парасыз сынақ кітапшасы» атты акциясы



«Біз жемқорлыққа қарсымыз» атты облыс жастарының форумы өтті

2018 жылдың 9-шы желтоқсаны күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің акт залында «Біз жемқорлыққа қарсымыз» атты облыс жастарының форумы болып өтті. Бұл форумға Атырау облысының 400 ден астам жастар өкілдері, оның ішінде қаладағы барлық колледж бен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері, барлық мемлекеттік орган басшылары, жастар мен облыс белсенділері және басқа да қоғам өкілдері, ҮЕҰ өкілдері, облыстық БАҚ өкілдері қатынасты. Форумды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті. «Біз жемқорлыққа қарсымыз» атты облыс жастарының форумының басты мақсаты – жастардың бойындағы құқықтық мәдениетті арттыру мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы имидждік саясатты қалыптастыру болды. Аталмыш форумды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті басшысы – Тоқтамыс Жұмағұлов ашып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі мақсаты мен бағыттарын түсіндірді.

Жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, отансүйгіштік сезімді, жемқорлық көрінісіне мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру мәселесін айтты. Одан соң Атырау облысы әкімінің орынбасары – Әлібек Наутиев сөз алды. Әрмен қарай жастар форумында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары – Абзал Жаншабай сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағыты бойынша мемлекеттің алға қойған мақсаттары туралы және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік

университетінің азаматтық құқық пәндері кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Әлібек Тұрдалиев, қоғам белсендісі, Атырау аграрлы-техникалық колледжінің студенті – Жаңылсын Сәрсенбаевалар сөз сөйледі.

Форум соңы марапаттау рәсімдеріне ұласты. Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылда белсенділік танытып, зор үлес қосқаны үшін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры арнайы Алғыс хатпен марапатталды.

2019 жылдың 2 қыркүйек күні білім күніне орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде және «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» жобасы аясында бірыңғай «Адалдық сағаты» өтті. Аталған шараға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік топ өкілдерінің мүшелері, арнайы мамандар келіп, дәріс жүргізді. Студенттер адалдық алаңы туралы туралы мәлімет алып, жемқорлықты жоюдың негізгі шарттарымен танысты.



2019 жылдың 17 қазан күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің белсенді студенттерімен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) жанынан құрылған Республикалық Арнайы мониторинг топтың мүшелерімен Атырау облысы аумағындағы жұмыс жоспарына сәйкес кездесу өтті. Кездесуде студенттер қоғамдағы жемқорлыққа қатысты өз сұрақтарын қойды. Шараға БАҚ өкілдері, «Atyrau» телеарнасының, «4-билік» қоғамдық қорының тілшілері қатысты.



2019 жылдың 23 қазан күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында Атырау қаласы депутаттары студенттермен еркін форматта кездесу өткізді. Кездесуде қоғамдағы сыбайлас-жемқорлықты болдырмау, оның алдын-алу және дер кезінде тиісті шараларын қолдану қажет екендігі баяндалды. Кездесуге Атырау қалалық мәслихатының депутаты, Жас Отан Жастар қанатының төрағасы Гилажев Ринат Маратұлы сөз сөйлеп: Ашықтық пен әділдікке негізделген қоғам құрып, оған адал қызмет ету біздің борышымыз, қай салада қызмет етсеңізdedі. Студенттердің көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап беріп, еркін түрде пікір алмасу болды.



2019 жылдың 6 желтоқсан күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментімен бірлесіп "Рухани жаңғыру" жобасы аясында және 9 желтоқсан- Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай "Шаңырақ" балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арнап "Болашағым-өз қолымда" атты экскурсия болып өтті. Экскурсия барысында тәрбиеленушілер гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің ғимаратымен танысты. Балалардың арманы- суретші, дизайнер, қолөнер мамандықтарының майталманы атану. Факультеттің аға оқытушылары, профессорлары өз тәжірибелерімен бөлісіп, сол мамандықта оқитын студенттер жұмыстарын көрсетті.





2019 жылдың 9 желтоқсан күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында өткізілген шараларға белсенді қатысқаны үшін Атырау облысы әкімі Нұрлан Асқарұлының алғыс хатымен марапатталды. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу университеттің басты мақсаттарының бірі. Бұл күндіз-түні аянбай қызмет еткен әріптестеріміздің еңбегі еді.



2019 жылдың 12 желтоқсаны күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде "Парасаттылық мектебі" ашылды. Мақсаты студент-жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың үлгісін қалыптастыру және жаңа формациядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы өкілдерін дайындау. Парасаттылық мектебі студенттерді сыбайлас жемқорлық феномені және онымен байланысты ұғымдар туралы теориялық біліммен қамтып, шығармашылық іс-шаралар ұйымдастырып, кез келген істі адал атқаруға баулиды. Студенттерді бекзат өнерге тартып, оларды жоғары мәдениеттілікке, инабаттылық пен қайырымдылыққа үйретеді.

